



www.facebook.com/syrboyi.kz/


www.instagram.com/syrboyi\_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi\_kz

## ПРЕЗИДЕНТ

# ҚҰТ-БЕРЕКЕ БАСТАУЫ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына жұмыс сапарымен барып, қаңтар оқиғасының құрбандарына арналған «Тағзым» мемориалының ашылу рәсіміне қатысты.

Президент стеллаға гүл шоғын қойған соң қаңтар оқиғасында қаза тапқан азаматтарды еске алу үшін бір минут үнсіздік жарияланды. Содан кейін Мемлекеттік гимн орындалды. Мемлекет басшысы жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде бүгінгі шараның еліміз үшін айрықша мәні бар екенін атап өтіп, қасіретті қаңтардан бері бір жылға жуық уақыт өткенін, бұл тәуелсіздік кезеңіндегі ең күрделі оқиғаның бірі болғанын айтты.

2-бет

# ТАҒДЫРЛАС ЕЛДЕРДІҢ МАҚСАТ-МҰРАТЫ ОРТАҚ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Республикасына мемлекеттік сапарының барысында осы елдің Президенті Шавкат Мирзиёевпен бірге Төле би кесенесіне зиярат етті.

Мемлекет басшысы Ташкент қаласындағы көрнекті орындардың бірі «Төле би кесенесі» сәулет кешеніне барды. Бұл жерде қазақтың біртуар перзенті Төле би жерленген. Ташкент қаласының территориясында орналасқан кесене XV ғасырдың бірінші жартысында салынған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевты халықаралық конгресс орталығында ресми қарсы алу рәсімі өтті. Содан кейін құрмет қарауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт беріп, Қазақстан мен Өзбекстанның энұрандары орындалғаннан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев бір-біріне ресми делегациялардың құрамын таныстырды. Бұдан соң мемлекеттер басшылары шағын құрамда келіссөз жүргізді.

– Біз Өзбекстанмен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Қазақ пен өзбек



– ежелден достығы мызғамас, сыйластығы жарасқан бауырлас халықтар. Екі елдің салт-дәстүрі, мәдениеті, тілі, діні ұқсас. Тарихы тамырлас, тағдырлас елдеріміздің мақсат-мұраты да ортақ. Сондықтан мен бүгінгі сапарға айрықша мән беремін. Біз тату көршілікке және сенімді серіктестікке негізделген қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтереміз деп сенемін.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық неғұрлым тығыз және табысты болса, Орталық Азиядағы ахуал соғұрлым тұрақты болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ, тараптар жаһандық және аймақтық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылады.

2-бет

## САПАР

# ӨҢІРДІҢ ӨЗЕГІ – ИНВЕСТИЦИЯ, ӨНДІРІС ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Кеше Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайылов жұмыс сапарымен Қызылорда облысына келді. Үкімет басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысымен танысып, өзекті мәселелерді шешу барысын талқылады және негізгі инфрақұрылымдық, өнеркәсіптік, әлеуметтік нысандарды аралады.

## «ӨНІМ ӨНДІРУШІЛЕР ХАЛЫҚҚА САПАЛЫ ӘРІ ҚОЛЖЕТІМДІ ТАУАР ҰСЫНУЫ ҚАЖЕТ»

Әлихан Смайылов жалпы қуаты 197 мың тоннадан асатын «Orda Glass Ltd» шыны өндіру зауытының жұмысымен танысты. Кәсіпорын биылғы қазан айында «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасы аясында іске қосылды. Мемлекеттік қолдау шаралары ретінде оған қажетті инженерлік инфрақұрылым (электр энергиясы, су, кәріз, газ, байланыс желісі), авто және темір жолдар жүргізілді. Қазіргі уақытта зауытта 370 адам жұмыс істейді. Өнім республиканың басқа өңірлеріне жіберіледі, экспортқа шығару жоспарда бар.

Премьер-Министр шыны зауытының іске қосылуы Қызылорда облысында ғана емес, бүкіл Қазақстан бойынша құрылыс индустриясының дамуына серпін беретінін атап өтті.

«Мұндай өндірістер құрылыс шығындарын және импортқа тәуелділікті айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді. Биыл өнеркәсіпте 160 жаңа жоба іске қосылды. Үкімет өз тарапынан осындай кәсіпорындарға барлық

қажетті көмек көрсетуді жалғастыруға дайын», – деді Әлихан Смайылов. Әрі қарай Премьер-Министр қуаты жылына 33 мың тоннадан асатын «Мағжан және К» ЖШС күріш өңдеу зауытында болды. Кәсіпорын заманауи жоғары технологиялық құрал-жабдықтармен жабдықталған және бірінші автоматтандырылған жүйе арқылы басқарылады.

Сонымен қатар Үкімет басшысы ішкі нарыққа және ішінара экспортқа жіберілетін йодталған техникалық және ас тұзын өндіретін «Ассоль» зауытында болды. 2021 жылы компания өнімдер мен қызметтердің сапасы бойынша ҚР Президентінің «Алтын Сапа» сыйлығының жеңімпазы болып танылған.

Әлихан Смайылов Қызылорда облысының республика

бойынша күріштің негізгі өндірушісі екенін (90%) және тұз өндіру бойынша да жетекші орында (97%) тұрғанын атап өтті. Биыл өңірдің АӨК саласына құйылған инвестициялары 8,5%-ға өсті, 250 жаңа жоба іске асырылып жатыр. Осы орайда, Үкімет басшының айтуынша, еліміз өзін азық-түлік тауарларымен толық қамтамасыз етуі керек. Осыған ұмтылуымыз керек.

Үкімет басшысы өңірдің ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшыларымен кездесу өткізді. Аграрийлер саланың бірқатар мәселесін, соның ішінде егінді сумен қамтамасыз ету және күріш өсірушілердің заманауи ауыл шаруашылығы техникасына қолжетімділігін кеңейту мәселелерін атап өтті. Әлихан Смайылов ауыл шаруашылығы тауарын өн-

дірушілерді мұқият тыңдап, АӨК-нің проблемалық мәселелерін шешу Үкіметтің назарында екенін атап өтті.

«Мемлекет ауыл шаруашылығы саласына үлкен қаржылық қолдау көрсетеді. Дегенмен өндірушілер де өз тарапынан халыққа сапалы және қолжетімді азық-түлік тауарларын ұсынуы қажет» деді Премьер-Министр.

## ЖАҢА ЖЭО ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Облысқа жұмыс сапары аясында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов өңірдің негізгі инфрақұрылымдық нысандарының жұмысын тексерді.

Атап айтқанда, Әлихан Смайылов Қызылордада 67 МВт электр қуаты мен 341 Гкал/сағ жылу энергиясын өндіретін ЖЭО-да болды. Сондай-ақ ол оңтүстік өңірлерді үздіксіз қуат көздерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жалпы қуаттылығы 240 МВт және 277 Гкал/сағ болатын жаңа жылу-электр орталығының құрылыс жобасымен танысты. Шетелдік инвестициялар есебінен іске асырылып жатқан жобаны 2025 жылы пайдалануға беру жоспарлануда.

Премьер-Министр жұмыс істеп тұрған ЖЭО өткен ғасырдың 60-шы жылдары салынғандықтан, тозығы жеткенін атап өтті. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2025 жылға дейін оңтүстік өңірлерде бу-газ қондырғыларын салу бойынша бірқатар жоба іске асырылады.

2-бет

## МӘМІЛЕ

# БІРЛЕСКЕН ЖОЛ КАРТАСЫНА ҚОЛ ҚОЙДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Өзбекстанға мемлекеттік сапарының ресми делегациясының құрамында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев болды.

Екі күндік сапардың алғашқы күнінде аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев бастаған облыстық делегация Қазақстан-Өзбекстан өңіраралық бизнес форумына қатысты.

Бизнес форумға өңір атынан Байқоңыр әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының басқарма төрағасы Самат Ерниязов, «Абзал және К» ТС директоры Абзал Ералиев, «Дана» ЖШС директоры Мамадияр Қадырбеков, «CT Solutions» және «Fgas Jet» компанияларының директоры Аслан Орынғалиев пен «Агрохимсервис» ЖШС директоры Сергей Ким барды.

Қызылорда өңірі мен Науан облысы арасында ынтымақтастықты одан әрі дамыту, инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту, тауар айналымын ұлғайту арқылы жаңа жобаларды іске асыруда ортақ мүдде бар.

Форум аясында қызылордалық кәсіпкерлер су үнемдеу технологияларын өңдеу, минералды тыңайтқыштарды сатып алу және ауыл шаруашылығы техникаларын шығаратын бірлескен кәсіпорын құру, күріш өсіру және ортапарландыру бағытында бірлескен жұмыстарды пысықтады.

Басқосуда қызылордалық делегация мүшелері су реттеу мәселелері және ауыл шаруашылығы бағытында өзара келісімге келді. Мұнан бөлек, «Fgas Jet» компаниясының

директоры Аслан Орынғалиев Өзбекстандағы ірі сауда желілеріне өнім жеткізу бағытында меморандумға қол қойды.

Жұмыс сапарының екінші күні Мемлекет басшыларының қатысуымен кеңейтілген құрамда екіжақты келіссөз жүргізілді. Басқосуда Қазақстан Республикасының Президенті мен Өзбекстан Республикасы Президентінің алдында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен Науан облысының хокімі Нормат Тұрсунов екіжақты ынтымақтастықты дамытуды көздейтін арнайы Жол картаға қол қойды.

Аталған Жол карта екі өңір арасындағы әріптестік байланысты күшейтіп, сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі нығайтып, жаңа жобаларды жүзеге асыруға жол ашады. Өңірлердің инвестициялық және туристік әлеуетін көтеретін, мал шаруашылығын дамытатын ортақ жобалар да Картада қамтылған.

Айта кетейік, Түркістан және Қызылорда облыстарымен шекаралас аймақ Өзбекстан Республикасының ірі өнеркәсіптік орталығы саналып, мемлекет экономикасында маңызды рөл атқарады. Науан облысы өнеркәсібінің жетекші салалары тау-кен, металлургия, химия, энергетика, машина жасау, тоқыма және құрылыс материалдарын өндіруде әлеуеті мол.









